



ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ

<p>«Келісілді»: «ШҚО Кәсіптік білім беру Орталығы» КММ Директордың жауап. Л.Т.Кездикпаева «18».10.2023ж.</p> 	<p>«Бекітемін»: Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледжнің директоры М.К.Нұрғалиев 05.09.2023 ж. (ӘС № 1 Хаттамасы 05.09.2023ж.)</p> 
--	--

**Қазақ КСР-нің халық мұғалімі, еңбек сіңірген мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің
туғанына 100-жыл толуына
орай ұйымдастырылып отырған қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінен
«Мемлекеттік тілді білу – азаматтық парыз» атты
облыстық олимпиаданың
Ережесі**

Жалпы ереже

1. Осы Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған олимпиада туралы ереже (бұдан әрі – Олимпиада) олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу, әдістемелік қамтамасыз ету, қатысу және жеңімпаздарды анықтау қағидаларын айқындайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау бағытында ана тілін де, мемлекеттік тілді де меңгерген дарынды студенттерді анықтау және қолдау, олардың кәсіптік бағдар беруіне және оқуын жалғастыруына жәрдемдесу;
- оқушылардың мемлекеттік тілді тереңдетіп оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың білімі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Олимпиаданы ұйымдастырушылар:

Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледжі, қазақ тілі мен әдебиетінің облыстық әдістемелік бірлестігі (ООӘБ).

4. Олимпиадаға қатысушылар:

Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының 1 курс студенттері (9-сынып негізінде).
Колледжден қатысушылар саны: 1 адам (қазақ емес ұлт өкілі).

5. Олимпиаданың уақыты мен күні:

Олимпиада 2023 жылдың 12 желтоқсанында өтеді. Олимпиаданың басталуы 10.00 минут, тіркеу 9.30 минут.

6. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6.1. Олимпиада үш кезеңде өтеді.

Олимпиада «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің дайындаған тапсырмалары бойынша өткізіледі.

1 кезең: тестілеу

2-кезең: оқу, тыңдау

3 кезең: эссе жазу.

Тапсырмалардың орындалуын сараптау комиссиясы бағалайды (сараптама комиссиясының құрамына Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледжінің өкілдері кірмейді). Жарысқа Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледжінің студенттері қатысады.

6.2. 1-кезеңде қатысушылар оқу пәндерінің бағдарламалық талаптарына сәйкес келетін қазақ тілінің грамматикасы бойынша 30 сұрақтан тұратын тестілеуден өтеді.

Тест тапсырмаларын орындауға 30 минут уақыт беріледі, қатысушыға электронды нұсқасы ұсынылады (компьютерде жұмыс істеу).

Әрбір дұрыс орындалған тапсырма 1 ұпаймен бағаланады. Жұмыстың соңында жалпы ұпай саны беріледі.

Қатысушылар 1-кезеңнің қорытындысы бойынша 2-ші және 3-ші кезеңге өтеді.

6.3. 2-кезең (оқу, тыңдау) ауызша жүргізіледі. Қатысушының реті жеребе арқылы шығарылады. Әр қатысушыға тақырып беріледі. Қатысушы тек бір тақырыпты таңдайды. Жауаптың ұзақтығы 3 минуттан аспайды.

Монологтық сөйлеуге арналған тақырыптар:

- Қазіргі әлемдегі технологиялар.
- Экологиялық мәселелер.
- Еңбек нарығы.
- Қазақстандағы мерекелер.
- Отандық өнім.
- Орталық Қазақстан-тау-кен аймағы.
- Шығыс Қазақстанның киелі жерлері.
- Ұлы даланың жеті қыры.
- Қазақстанның мәдени өмірі.
- Салауатты өмір салты.

2-кезеңнің тапсырмасын орындау кезінде білім алушының жауабы келесі критерийлер бойынша бағаланады: оқудың анықтылығы, айтылу мен интонацияның анықтығы, тыңдаудың дәлдігі, тақырыпты түсіндіру (әр критерий 5 ұпайға дейін бағаланады. Қатысушы тек бір тақырыпты таңдайды.

6.4. 3 кезең – «Халық мұғалімі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ұстазы Құмаш Нұрғалиев» эссе жазу (200-250 сөз) Берілетін уақыт мөлшері: 45 мин.

Эссеге қойылатын талаптар:

- жеке көзқарасын, нақты дәлелдерін білдіру;
- әр түрлі көзқарастар үлгісі;
- логикалық заңдылықтарды сақтау;
- салыстыру және қорытындылау;
- сауаттылық.

7. Олимпиаданы қорытындылау және марапаттау

Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен, мұғалімдерге алғыс хаттармен, ал қалған қатысушылар қатысқаны үшін сертификаттармен марапатталады.

Даулы мәселелер бойынша барлық қатысушылар апелляциялық комиссияға шағымдана алады.

8. Олимпиадаға қатысуға өтінімдерді қабылдау

Өтініштер 2023 жылдың 15 қарашасына дейін қоса берілген нысан бойынша (1-қосымша) ұйымдастыру комитеті мүшесінің электрондық поштасына: zhannur.abilmazhinova@mail.ru (№1 қосымша) қабылданады.

Колледжде асхана жұмыс істейді (тамақтандыруды жіберетін оқу орыны қамтамасыз етеді).

Барлық сұрақтар бойынша хабарласыңыз: Татаева Бақтылы Дакенқызы – 8-777-621-77-38, 877798250189

Қосымша № 1:

Өтінім беру формасы

№	Оқу орнының атауы	Студенттің аты-жөні (толық)	Ұлты	Жетекшісінің аты-жөні	Телефон номері
1					

Қосымша №2

1. 1-кезеңді бағалау парағы «Тестілеу»

№	Студенттің аты-жөні	Алған балдар саны	Тестілеу үшін балл қою	Ескертулер

Комиссия мүшесінің қолы _____

Қосымша №3

2. 2-кезеңді бағалау парағы «оқылым және айтылым» (мақ -5 балл)

№	Студенттің аты-жөні	Оқу тазалығы	Айтылым тазалығы	интонация	Айтылым дәлдігі	Тақырыпты түсіндіру	Алған балдар саны	Ескертулер

Комиссия мүшесінің қолы _____

Қосымша №4

3. 3-кезеңді бағалау парағы «Эссе» (мақ -5 балл)

№	Студенттің аты-жөні	жеке көзқарасын, нақты дәлелдерін білдіру	логикалық заңдылықтарды сақтау	әр түрлі көзқарастар үлгісі	салыстыру және қорытындылау	сауаттылық	Алған балдар саны	Ескертулер

Комиссия мүшесінің қолы _____

Олимпиаданы бағалау парақтары бойынша ұпайлар жинағы

Күні:

Қатысушылар: _____

Колледждер саны: _____

Комиссия мүшелері:

1. Аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны (төраға)
2. Аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны
3. Аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны

№	Қатысушының аты-жөні	1-кезең баллдары	2-кезең баллдары	3-кезең баллдары	Барлық баллдар саны	Распределение мест	Колледж атауы	Жетекшісінің аты-жөні

Комиссия мүшелерінің қолы:

1. Комиссия мүшесінің төрағасы _____ (қолы)
2. Сарапшының аты-жөні _____ (қолы)
3.